

құқығын тоқтатудың жалпы негіздерін басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мұлікті меншік иесінің шешімі бойынша занды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Занды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтіп мұлікті алып қою;
- артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мұлікті алып қою жатқызылады.

66. Шаруашылық жүргізу құқығындагы мұлікті алып қою туралы шептімінде мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган Кәсіпорынга оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстаудың және сақталудың қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

67. Кәсіпорын мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен тиесті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

68. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мұлікке дербес билік етеді.

69. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі (мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган) озгеше белгіленбесе, осы Жарғының 67 және 68-тармақтарында көрсетілген мұлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

10. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

70. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаржаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейді.

71. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігі республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

72. Кәсіпорын өзі өндіретіп өнімді дербес сатады.